**«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мурзаходжаев Куаныш Мадиевичтің «XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., PhD, Бисембаева Ләззат Амандыққызының жазбаша**

**СЫН-ПІКІРІ**

| р/н № | Өлшем шарттар | Өлшем шарттарға сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | «6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Мурзаходжаев Куаныш Мадиевичтің «XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Қазақстандағы жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» атты диссертациялық жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді. Атап айтар болсақ, «ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысының «Ғылым» жөніндегі 3 тарауының және Қазақстан Республикасының мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 250 қаулысының мақсат, міндеттеріне сәйкес келеді. |
| | | 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын | К.М. Мурзаходжаевтың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған:<br>- білім және ғылым саласындағы зерттеулер;<br>- әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көрсету) келеді | |
| 2 | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Диссертациялық жұмыста аталған тарихи уақыттағы қазақ даласында жәдидшілдік идеясының өрістеуіне байланысты, қозғалыстың қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени, ағартушылық және рухани өміріне тигізген ықпалына тарихи салыстырмалы талдау жасалған, теориялық жағынан жан-жақты ашып көрсетілген.<br>Диссертант жұмысты жазу барысында Қазақстан аумағында жәдидшілдіктің енуін зерделеуді мақсат ете отырып, тақырып мазмұнын барынша ашатын, бір-бірімен логикалық байланыстағы бірнеше маңызды міндеттерді қойған. Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі жан-жақты талданып, мәселенің тұтас тарихнамасы жасалған. Ізденуші XIX ғасырдың соңынан бастап бүгінгі таңға дейінгі аралықта жарық көрген ғылыми еңбектерді саралай отырып, мәселенің назар аударатын тұстарын айқындай алған. Сонымен қатар аталмыш тақырыпқа қатысты қалам тартқан зерттеушілердің еңбектерін патшалық кезең, кеңестік кезең және тәуелсіздік уақытында жарыққан шыққан әдебиеттер деп бөліп, олардың өзара айырмашылықтыраы мен ұқсастықтарын саралаған. Алдыңғы қатарлы шетелдік ғалымдардың да еңбектері назардан тыс қалмай, тарихнамалық талдау жүргізілген.<br>«XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында Қазақстандағы жәдидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ғылымға өзіндік елеулі үлес қосқан. Ғылыми жұмыстың алдына қойылған мақсатқа жетудегі құрылымы тақырып мазмұнын толықтай ашады. Жұмыс мазмұны жүйелі баяндалып, ғылыми тұжырымдары дәлелденген. Диссертацияның маңызы ашылып, нәтиженің өзектілігі негізделген. Ғылыми жұмыстың тұжырымдары мен қорытындылары бұрын жарияланбаған.<br>2.1 Жұмыс **ғылымға елеулі үлесін қосады**, маңыздылығы **ашылған**. |
| 3 | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) **жоғары;**<br>2) орташа; | Ұсынылып отырған диссертациялық жұмысты К.М. Мурзаходжаевтың **өзі жазған** және жазылу **деңгейі жоғары**, ғылыми стильде жазылған. Диссертациялық жұмыста көрсетілген тарихи |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | деректер тақырыпқа сәйкес жинақталған және оларға ғылыми талдау жасалып, нәтижесінде қорытындылар үйлесімді тұжырымдалған, әрбір зерттеу міндеттерінің жүзеге асырылуын зерттеу қорытындылары мен нақты тұжырымдар көрсетеді.<br>3.1 Жазу стилі үйлесімді, **өзі жазған, деңгейі жоғары**. |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**1) негізделген;**<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация өзектілігі ғылыми негізделген және тақырыптың өзектілігі тарихнамалық талдау барысында анықталған.<br>Диссертациялық жұмыста XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы жәдидшілдік идеясының Қазақ даласының әлеуметтік-мәдени және ағартушылықтың даму үрдісі мәселесіне тигізген ықпалы тарих ғылымында әлі күнге дейін халық арасында қызығушылық тудыруда. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін өткені мен келешегін саралап, болашаққа бағдар жасауға мүмкіндік алды. Кеңестік заманда ұлттық тарихқа қатысты мәселелерге бұғаттар қойылып, сол күйінде жабық қала берді, не сол уақыттың икеміне орай бұрмаланылды. Осындай тақырыптардың бірі – жәдидшілдік қозғалысы. Сондықтан да XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақ даласында таралған ағартушылық қозғалыс жәдидшілдікті азаттық көзқарас тұрғысынан қарастырумен зерттеу жұмысының өзектілігі айқындалады. Жәдид өкілдерінің қызметін анықтайтын ғылыми айналымға әлі енгізілмеген архив дереккөздері негізінде аталмыш кезеңдегі ағартушылық тарихы тәуелсіздік сана тұрғысында талданылуы жұмыс тақырыбының өзектілігін айшықтай түседі.<br>4.1.1 Диссертация өзектілігі **негізделген**. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>**1) айқындайды;**<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Зерттеу жұмысында диссертация мазмұны толық қамтылған. Жалпы диссертациялық жұмыс: белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, 3 тараудан, 6 тараушадан, қорытынды және пайдаланған деректер мен әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Диссертацияның құрылымы, мәтіннің мазмұны, зерттеуде қолданылған әдістер мен тәсілдер нақты болып табылады. Диссертация тараушалары логикалық сабақтастықта құрылған. Қорытындылар тұжырымға сай дәлелді әрі негізді. Жекелеген тараулар бойынша қорытындылар нақты деректермен негізделген.<br>4.2.1 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды**. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**1) сәйкес келеді;**<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Зерттеу мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес анықталған. Барлық зерттеу міндеттері оның мақсатының жүзеге асырылу қадамдары ретінде көрініс береді және диссертация мақсатына сәйкес анықталған. Диссертацияның мазмұнын ашу үшін құрылған мақсат пен міндеттер өзара логикалық байланысты. Зерттеудің алдына қойған әрбір міндеті диссертация құрылымдық бөліктерінің ашылуын қамтамасыз еткен. К.М. Мурзаходжаев зерттеу жұмысының деректерін Деректану ғылымының түрлік классификациясына сүйене отырып 5 топқа бөлген және дереккөздерге жан-жақты талдау жасаған. Пайдаланған деректер ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Дерек қоры мол, зерттеу қорытындыларымен өзара сәйкес келеді.<br>4.3.1 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық **сәйкес келеді.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>**1) толық байланысқан;**<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара логикалық байланысты. Диссертацияның тараулары мен оның бөлімдерінің арасында логикалық байланыс сақталған және олардың кейінгісі бастапқының логикалық жалғасы болып табылады. Диссертант ұсынған жаңа шешімдерге дәлелдер ұсынылып, бұрыннан белгілі шешімдерді салыстыру арқылы бағаланған, яғни авторлық сыни талдау жүзеге асырылған. Осының барлығы ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнында толық қамтылған.<br>4.4.1 Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық тұрғыда **толық байланысқан**. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**1) сыни талдау бар;**<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Диссертациялық жұмыстың мазмұнындағы берілген мағлұматтар деректермен дәйектелген, дереккөздер жүйеленіп, жан-жақты талдау жасалынған. Зерттеудегі тұжырымдар сілтеме қою арқылы ұсынылған ақпараттың дәйектілігін дәлелдейді. Зерттеуде және оның нәтижелерін тұжырымды баяндауда таңдалған әдістер бір-бірімен байланыста және үйлесімді қолданылған.<br>Диссертант мәселеге объективті баға беру мақсатында «жәдид», «жәдидшілдік», «қадымшылдық», «жәдидшілдер» ұғымдары анықтамаларының әр кезеңде тарихнамада пайдалану сипатын қарастырып және осы аталған мәселелер диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес пайдаланылған. Зерттеу барысында және оның нәтижелерін тұжырымды баяндауда таңдалған әдістер өзара байланысты және үйлесімді қолданылған. Диссертация жұмысының нәтижелері негізгі әдебиеттер мен дереккөздерге жүйелі талдау жасау арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және салыстырмалы талдау әдістерін пайдалана отырып алынған. Теориялық қорытындылар мен өзара байланысы анықталған заңдылықтар нақты зерттеулермен дәлелденген және расталған. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер сілтемелерімен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толығымен жеткілікті.<br>4.5.1 **Сыни талдау бар**. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми нәтижелер мен сәйкесінше жасалған қағидалар жаңа болып табылады.<br>- Бірінші нәтиже жаңа. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасыр басындағы Қазақ даласында жәдидшілдік ағымының тууы мен кең қанат жаюына түрткі болған себептер анықталып, салыстырмалы талдау құралымен оның барлық қырлары терең әрі жүйелі қарастырылған. Ерекше назар аударатын тұсы – XIX ғасырдағы дүниежүзілік технологиялық өзгерістерден қазақтардың қалып қоюы және елдегі экономика, білім-ғылым, руханият салаларындағы тоқыраудың бір-бірімен салыстырылып, талдануында;<br>- Екінші нәтиже. Диссертациялық зерттеу жұмысында жәдидтік қозғалысқа арналған, сонымен қатар қазақ даласындағы жәдидшілдіктің тарихына қатысты барлық дерлік ғылыми еңбектер жинақталып, революцияға дейінгі, кеңестік кезеңдегі және тәуелсіздік жылдарындағы, сондай-ақ алыс және жақын шетел зерттеушілерінің еңбектері ретінде классификацияланып, оларға еркіндік сана тұрғысында сыни талдаулар беріліп жаңаша бағаланған;<br>- Үшінші нәтиженің жаңалығы. Пайдаланылған архив құжаттарының алуан түрлігінде. Мәселен, ірі орталықтарда орналасқан архивтердің мәліметтері мен баспасөз бетінде сол уақытта жарияланған ақпараттар өзара салыстырылып, талданған. 1891 жылы «Тәржіман» газеті редакциясына Кешафетдин Шахмерданоглу медресесіндегі оқушылардың жетістіктері туралы хат келген. Онда Семей облысының Қарқаралы қаласынан Халиулла Бикметев «ходжаи сыйбиян» оқулығын басшылыққа ала отырып, 8-10 жастағы балалардың төрт ай оқудан соң жазу мен оқу ісін меңгергенін ашық сынақ барысында көрсеткен. Қазақ жерінде ашылған жәдидтік мектептің ең алғашқысы осы болу керек. Себебі, биліктің ресми құжаттарында бұл жөнінде мәлімет жоқ, ал Гаспринскийдің басылымында кездесіп отырғаны дәлелденген;<br>- Төртінші: Қазақстан жеріндегі дәстүрлі-консервативті және жаңашыл мектеп-медреселердің оқу жүйесі терең зерттеліп, архив құжаттарына сүйеніп мұсылмандық оқу орындарының статистикасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жинақталған. Табылған архив материалдарындағы жәдидтік мектеп-медреселердің сандық деректері топтастырылып, облыстар бойынша салыстырмалы кесте құрылған. Әрине, патша билігінен қорқып, кей жаңа әдіс ошақтары құпия жұмыс істегенін ескерген жөн. Бірақ әр облыстан жиналған статистика қазақ даласының әр бұрышына жаңа әдісті мектептердің кең таралғанын негіздей алған;<br>- Бесінші: Тақырыпқа қатысты мәліметтер сол дәуірде жарық көрген бірқатар мерзімді басылымдардан жиналып, архивтік құжаттар мен ғылыми зерттеулермен өзара салыстырмалы талдаудан өткізілген. Сондай-ақ, ол кездегі ең тиімді байланыс құралы – газет-журналдар болған. Бұл басылымдар арқылы зиялылар бір-бірімен хат алмасу, ой-пікір алмасу арнасына айналған. Сондықтан жәдидтік идеялардың таралуы мен қазақ халқына әсерін зерттеу алдында, сол заманғы мерзімді басылымдарды мұқият қарау қажеттілігі айқындалады. Диссертант осы басылымдарды архив материалдары мен зерттеулермен салыстырып, терең талдау жүргізген;<br>- Алтыншы: архив құжаттарына сүйене отырып, ізденуші қазақ жерін шартты түрде 5 аймаққа бөліп (батыс, шығыс, т.б.), әр аймақтағы ірі жаңа әдісті мектеп/медресенің оқу бағдарламасын, оқытушылар құрамын, пайдаланған оқулықтары мен кітаптарын, көрнекі құралдарын анықтап, кесте түрінде көрсеткен. Сол арқылы Қазақстанның әр бөлігінде оқыту жүйесінің ерекшеліктерін көрсете алған;<br>Барлығы толықтай жаңа ғылыми нәтиже болып табылады.<br>5.1.1 **Толығымен жаңа**. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем | Алынған қорытындылардың негізділігі айқын. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеу мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдің тиімділігімен, зерттеу жұмысының жүйелі жоспарлануымен сипатталады.<br>5.2.1 **Толығымен жаңа.** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Зерттеу жұмысы әлеуметтік ғылымдар шеңберінде орындалуына байланысты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Сол себепті бұл бағалау өлшемі қисынсыз. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Диссертациялық жұмыста көрсетілген барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар; | Диссертациялық жұмыста зерттеуші келтірілген барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан сенімді, ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеуші диссертацияда келтірілген әрбір тұжырымдарын терең дәлелдеген және қорытындылары жаңашылдығымен айқындалады.<br>**Ережелерге сәйкес алынған бірінші тұжырым:** «XIX ғ. аяғы – XX ғ. бас кезіндегі Қазақстандағы жәдидтік қозғалыстың пайда болу алғышарттары» атты тарауда ізденуші қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени ахуалды, сондай-ақ мұсылмандық білім беру ісінің жай-күйін талдаған. Қазақ халқының тарихы Ресей империясына қосылғаннан бастап отарлық саясаттың қыспағында қалумен сипатталады. XIX ғ. соңы саяси, экономикалық, рухани отарлаудың шарықтау шегі болды. 1917 ж. революциядан кейін билікті қолына алған большевиктік өкімет те осы бағыттағы отарлық саясатты бұдан да жоғары қарқынмен жүргізгені мәлім. Аталмыш фактілер нақты деректермен дәлелденді.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | 7.5. Иә<br>**Екінші тұжырым:** Жәдидтік идеялар негізінен қазақ зиялыларының, сонымен қатар түркі-мұсылман халықтарының ауқатты топтарының өкілдері, соның ішінде Қазақ жерінде қайырымдылық шаралары негізінде жаңа әдісті мектептер мен медреселер ашқан татар көпестері тарапынан қолдау тапқандығы, ал кейіннен жалпы халықтың ықыласына бөленгендігі көрсетілген. Жәдидшілдіктің ағартушылық және реформаторлық мазмұнына тоқталатын болсақ, реформалар білім беру мекемелері мен ағарту ісін ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананың қалыптасуы, саяси өмір және рухани мәдениет саласын да қамтыған. Яғни жәдидтік қозғалысты шартты түрде тек ағартушылық, не діни, не саяси, не мәдени деп бөліп қарастыруға болмайды. Себебі, олар тоқырауға ұшырап жатқан қоғам өмірінің барлық мәселелерін көтеріп, оны шешудің бірден-бір жолы ретінде білім мен ғылымды дамыту керектігін алға тартқандығы диссертанттың ғылыми зерттеу жұмысында баяндалған.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә<br>**Үшінші** тұжырым. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасыр басына қарай әлемдік ғылыми-техникалық прогрестен артта қалған түркі-мұсылман халқын оятып, жаңғыртуға бағытталған интеллектуалды элита қалыптасуы заңды құбылыс болды. Тарихи, саяси-әлеуметтік және мәдени жағдайларға байланысты Қазақ даласындағы мұсылмандық білім беру жүйесін реформалау міндеті алға қойылды. Елдегі дәстүрлі мектеп-медреселер ресурстарын тауыса бастаған, өйткені заман өзгеріп, оқыту әдістері, мақсаттары мен технологиялары сұранысқа бейімделуі тиіс еді. Араб әріптерін өз бетінше меңгеруге жылдар кететін дәстүрлі оқыту жүйеге қарағанда, жаңа әдісті мектептерде баланың өз күшімен жазуына, оқығанын түсінуіне бір ай жеткілікті болды, бұл жәдидтік жаңа |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | дыбыстық оқытудың тиімділігін дәлелдеді. Осыған байланысты еліміздегі оқу орындарын жәдидтік бағытта жаңғырту өзекті мәселеге айналды. Осы секілді қажеттіліктер ғылыми тұрғыда негізделіп, дәйекті сараланды.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә<br>**Төртінші** тұжырым. Жаңа әдісті мектеп-медреселердің қалыптасуы талай ғасырлық қалыптасқан Ресей мұсылмандарының күнделікті өмірінің қалпын өзгертуіне ықпал ете алатын жаңа күш ретінде жәдидтік қозғалыс пайда болып, озық мектеп пен медреселер өзінің шәкірт түріндегі алғашқы жемістерін бере бастады. Ресей отарлық езгісінен құтылудың бір жолы ретінде, ұлт-азаттық көтерілістердің тұншықтырылуын көре отырып, ағарту жолын саяси күрестің бір құралы екендігін түйсіктерімен ұғынғандар жәдидтік қозғалысты қолдап, жаңа тәсілдік мектептерге ден қойды. Осы орайда диссертант ұлттық рух пен зайырлы білімді ең алдымен мектеп табалдырығынан үйрете бастау керектігін негіздей алған.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә<br>**Бесінші** тұжырым. Реформа бастапқыда сауат ашуды қамтамасыз ететін және ұйымдастыратын бастауыш білім беретін мектептерде жүргізілді. Қазақтық Маман бай секілді алыс жақын шетелдерге кіре тартып, сауда жасаған ауқаттылары ең алдымен шетелдік үлгідегі мектеп-медреселер ашуға күш салып, қаржыларын соған жұмсады, оның астарында халық санасын оятып, сауатын ашып қана қоймай, ел басқаратын, азаттық үшін күрестің көсеміне айналатын тұлғалар шығатын оқу орындарын ашу арманы жатты. Осындай білім ордалары болашақ ұлт зиялыларын қалыптастыруда өзіндік үлес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қосқандығы дәлелденді.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә<br>**Алтыншы тұжырым.** қазақ жерінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бас кезіндегі жүріп жатқан мұсылмандық оқыту жүйесі мен ұлттық интеллигенция өкілдеріне жәдидтік идея оң әсерін тигізді. Нәтижесінде балаларды оқыту, арнайы мектептерді ашу, қажетті оқу құралдарын басып шығару, т.б. мәселелер қарқынды дамыды. Халықтың көзі, құлағы және тілі болатын газет-журналдар қолға алынды, типография мен сәйкесінше кітап басу ісі ілгері жылжыды. Жәдидтік қозғалыс өкілдері жергілікті ұлттардың есебінен ұлғая түсті. Ағартушылық қызмет аясында көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтар халқының жарқын болашағы үшін күресуде жаңа серпін алып, ресми биліктің қысымына қарамастан өз елін қалың ұйқыдан оятуға бар күш-жігерін жұмсап, еткен жемісті қызметтерін ізденуші архив материалдарына сүйеніп, ашып көрсете алған.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә<br>**Жетінші** тұжырым. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі Ресейдің түркі-мұсылман халықтары қоныстанған аймақтарында қоғамдық өмірдің саяси, әлеуметтік, мәдени, діни, ағартушылық, экономикалық және басқа да салаларында стагнация үдерісі орын алып жатты. Бұл көрініс жалпы мұсылман әлеміне тиесілі ортақ болды. Патшалық империя құрамындағы әр ұлт өзінің өмір сүруге деген құлшыныстарын негіздеп, билікпен күресудің жаңа жолдарын іздеп жатты. Осы кезеңде «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» атты қарсылық көрсетудің орнына ғылым мен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | білім салаларын дамытып, халықтың сауаттылығын арттырып, сол арқылы ұлтты сақтап қалуға әрекеттер жасала басталды. Сол заманның сұраныстарына тиісті жауап қайтаратын интеллектуалды азшылық қажет болғандығын дәлелдеген болатын.<br>дәлелденді.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә<br>**Сегізінші тұжырым.** Жәдидтік идея қазақ зиялыларының бойына сіңіп, кейін Алаш атты ұлтты идеологияға ұласқан. Сонымен қатар түркі-мұсылман халықтарын дін, тіл, тарих, мәдениет, саясат, ұлт болашағы секілді мәселелер төңірегенде одан әрі жақындастыра түскен. Кейіннен бұл қозғалысқа зиялы қауым өкілдері де, діни қызметкерлер де, бай-көпестер де, қарапайым қара халық та қатысқандығы анықталған.<br>7.1. Дәлелденді<br>7.2. Тривиалды емес<br>7.3. Қағидаттар жаңа<br>7.4. Қолдану деңгейі кең<br>7.5. Иә |
| 8 | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>**1) иә**;<br>2) жоқ | Диссертациялық жұмыстың әдіснамасы негізделген. Әдіснамада басты қағида, зерттеудің методологиялық негізі ретінде өркениеттілік және пассионарлық теориялары қолданылған. Нәтижесінде XX ғ. алғашқы он жылдығында жәдидшілдік қозғалысының полицентристік табиғаты анықталған. Ол Қазақстанда – Алаш, Әзірбайжанда – мусаввват, Қырымда – милли-фирк, Татарстанда – иттифак әл-муслимин, Өзбекстанда «жадидизм» атауымен дамыған. Қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгерісін зерттеуде сыни және тарихилық қағида негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымында қолданылатын объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы тарихи-талдау, тарихи оқиғалардың дамуын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | хронологиялық реттеу және басқа тәсілдер қолданылған. Зерттеуде тарихилық қағида негізге алынып, тақырыптың мазмұнын ашуда тарихи объективті және субъективті факторлар принциптері көрсетілген.<br>1. **Ия** |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә;<br>**2) жоқ** | Диссертация тақырыбы арнайы түрдегі бағдарламалық компьютерлік технологияларды пайдалануды қажет етпейді. Диссертациялық зерттеудің өзінде компьютерлік технологиялар арқылы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістері пайдаланылмаған.<br>2. **Жоқ** |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>**1) иә;**<br>2) жоқ. | Ғылыми материалдарды маңыздылығына қарай іріктеу жұмысы зерттеушінің теориялық білімін, методологиялық ұстанымын және деректерді жіктеу мен фактілерді жүйелеуде мүмкіндігінше кәсіби біліктілігін талап етеді.<br>Диссертант зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі теориялық тұжырымдамаларды негізге ала отырып, өзбетінше теориялық қорытындылар жасаған. Зерттеудің мазмұнын ашуда жеке тұлғалардың еңбектері (И.Гаспринский, Н.Ильминский, Алекторов, Васильев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ғ.Қараш және т.б.), әр кезеңде жарық көрген құжаттар мен деректер жинағы, газет-журналдар және т.б. деректер тиімді қолданылған. Тарихнамадағы алдыңғы буын зерттеушілерінің еңбектері сыни тұрғыдан талданып, нәтижесінде назардан тыс қалып кеткен мәселелер анықталып, диссертанттың өз пікірімен толықтырылған. Зерттеу жұмысында тарихи ойдың дамуындағы сабақтастықты анықтау, негізгі тарихнамалық фактілерді іріктеу критерийлерін нақтылау, тарихнамалық талдау және дереккөздер арақатынасын орнату, тарихтың объективті алғышарттарын көрсету, тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан тарихшылар еңбектерін талдау, сондай-ақ тарихи даму кезеңдерінің критерийлерін анықтау секілді маңызды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | әдіснамалық міндеттерді анықтау мәселенің тарихнамасын қарастыру үшін негіз болған. Зерттеу барысында алған тұжырымдар, тарихи ойлар мен өлшемдердің тереңдігін көрсетіп отыр.<br>1. **Иә** |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған. | Тақырыптың тарихнамасы XIX ғасыр соңынан XX ғасыр басынан бастап қалыптасып, қазіргі зерттеулерде де жалғасын табуда. Бұл еңбектерде жәдидшілдік пен оның Қазақ даласына әсері, мұсылмандық білім беру жүйесі қазақ халқының әлеуметтік-мәдени-саяси өмірімен байланысты тікелей немесе жанама қарастырылған.<br>Зерттеу обьектісіне алынған тақырыптың тарихнамасы жалпы Орта Азиядағы жәдидшілдікке емес, нақты XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы Қазақ даласындағы жәдидшілдік тарихына арналған. Тақырыпты ашуда Қазақстан Республикасы архивтерінен бөлек, Өзбекстан мемлекеттік архиві, Томск, Санкт-Петербург, Орынбор, Мәскеу қалаларының мемлекеттік архивтерінің құжаттары пайдаланылған. Архивтік жинақтар мен мерзімді басылымдардың коллекциялары тартылған. Сондай-ақ, отандық тарихшы ғалымдар мен халықаралық мойындалған шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сілтеме жасалған. Зерттеудегі негізгі тезистер сенімді ғылыми дереккөздермен **расталған**. Пайдаланылған әдебиеттердің қамтылуы кең, тақырыпты терең ашуға мүмкіндік береді және талапқа сай рәсімделген. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби **шолуға жеткілікті**/жеткіліксіз. | К.М. Мурзаходжаевтың диссертациясында 282 әдебиет (дерек көзі) пайдаланылған. Диссертацияны жазу барысында ғылыми әдебиеттермен бірге Отандық архив қорларындағы құжаттар, жарияланған архивтік құжаттар жинақтары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми мақалалар мен зерттеу жұмыстары, кітапханалар қорларындағы сирек қолжазбалар, шенеуніктердің естеліктері пайдаланылған.<br>8.5.1 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби **шолуға жеткілікті** |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>**1) бар;**<br>2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу методологиясы объективтілік, тарихилық және жүйелілік қағидаттарға негізделген. Диссертация жұмысы өркениеттілік, пассионарлық теорияларына |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | негізделген, сонымен қатар қазіргі Ресей тарихнамасына сын көзбен қарау және шетел ғалымдарының көзқарастарын зерделеу қаперге алынған. Диссертацияның әдіснамалық негізінде қоғамдық құбылыстардың дамуы мен өзгеруін зерттеуді талап ететін сыни және тарихилық қағида негізге алынған. Зерттеу барысында ғылыми ізденістің жалпы даму-танымдық әдістерімен бірге тарих ғылымындағы объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, тарихи оқиғалардың дамуын хронологиямен қабыстыру және басқа тәсілдері басшылыққа алынған. Тарихнаманың негізгі зерттеу әдістері кең пайдаланылған. Сонымен қатар, зерттеу барысында әдістемелік ұстаным ретінде соңғы жылдардағы Отандық тарих ғылымындағы түбегейлі өзгерістер негізге алынған.<br>9.1.1 **бар** |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) иә;**<br>2) жоқ. | Диссертацияда көрсетілген қағидалар мен берілген тұжырымдардың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық зерттеудің материалдары мен түйіндері XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының мәдени өмірі, оқу-ағарту ісі, ұлттық сана-сезімнің оянуы, қазақ зиялыларының қалыптасуы, мектептер мен медреселер бойынша ЖОО-да арнайы курстар мен дәрістер оқу үшін, оқу құралдары мен бағдарламаларын, оқулықтарын әзірлеуде, жәдидшілдік бойынша ғылыми еңбектерді жазуда қолданылуы мүмкіндігімен тәжірибелік маңыздылығы анықталады. Диссертацияның тарихнамалық, деректанулық бөлімдері жәдидшілдік бойынша қажетті материалдарды іздеуде зерттеушілердің жұмысын жеңілдетеді. Диссертация нәтижелері қазақ даласындағы қоғамдық-саяси қозғалыстар бойынша жаңа, ауқымды, іргелі зерттеулердің туындауына септігін тигізеді.<br>9.2.1 **Иә** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>**1) толығымен жаңа;**<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертацияда практикалық маңызы бар және алынған нәтижелердің практикада қолданылу мүмкіндігі жоғары. Зерттеуде көрсетілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.<br>9.3.1 **толығымен жаңа** |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | К.М. Мурзаходжаевтың диссертация жұмысын жазу стилі және зерттеуді ғылыми-ақпараттық тәсілмен рәсімдеу сапасы жоғары. Бірақ мәтінде кейбір орфографиялық және стилистикалық қателіктер кездеседі, алайда бұл диссертацияның құндылығын түсірмейді және талаптар мен ережелерге толық сәйкес келеді.<br>10.1 Академиялық жазу сапасы **жоғары** |
| 11 | Диссертацияға ескертулер | | К.М. Мурзаходжаевтың зерттеу жұмысына қатысты маңызды сын-пікірлер жоқ, жұмыс жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Диссертантқа ұсыныс ретінде осы диссертациялық зерттеу жұмысты монография ретінде безендіріп, толықтырып, көлемді тиражбен баспадан шығарса деген тілек. Жоғарыдағы айтылған ұсыныс К.М. Мурзаходжаевтың диссертациялық жұмысына нұқсан келтірмейді, берілген оң бағаны еш төмендетпейді. |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының | | К.М. Мурзаходжаевтың зерттеу жұмысы бойынша жариялаған ғылыми мақалаларының ғылыми деңгейі **жоғары.** Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары мен нәтижелері бойынша талапқа сәйкес 13 мақала жариялаған.<br>- ҚР БҒМ БҒСБК журналдарында - 6,<br>- Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында - 5,<br>- Scopus базасында тіркелген журналда 2 мақаласы сыннан өткен. Жарияланған мақалалар мен жасалған баяндамалар тікелей диссертация тақырыбына қатысты. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ғылыми деңгейін зерделейді) | | |
| 13 | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Зерттеу жұмысы «XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» тақырыбын тарихи деректер негізінде талдауға арналған. Ізденуші жұмысты орындаудағы мақсат, міндеттеріне қол жеткізе алған. Қорғауға ұсынылған тұжырымдары дәйекті, әрі нақты. Ғылыми жаңалықтары отандық тарих ғылымына қосқан үлес болып табылады. К.М. Мурзаходжаевтың «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы джадидтердің мәдени-ағартушылық қызметі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарын қанағаттандырады. Толық аяқталған жұмыс және «Дәрежелер беру» қағидаларына толық сәйкес келеді. Сондықтан Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын. |

**Ресми рецензент:**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институтының,
Тарих кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., PhD

**Л.А. Бисембаева**

HR қызметі
HR служба
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Растаймын «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверяю НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба